



СЫҒЫМДАП КӨТЕРУ МЕН ПРЕСС ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОРЫНДЫҚ

G-360

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

ERGO PAD

INSTA FOLD

EVER PROOF

ERGO MOVE

TROUGH CORROSION WARRANTY

Өтпе коррозия кепілдігі

YEARS

20

ЖЫЛ

WARRANTY ON FRAME

Қаңқаға кепілдік

YEARS

7

ЖЫЛ


WARRANTY ON PLASTIC PARTS

Пластик бөлшектерге кепілдік

YEARS

2

ЖЫЛ



Мазмұны

1.	Кіріспе.....	3
2.	Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері.....	5
3.	Жаттығу құрылғысын құрастыру.....	7
4.	Жаттығу құрылғысын пайдалану.....	9
5.	Жаттығу құрылғысының егжей-тегжейлі сұлбасы.....	11
6.	Жиынтықтауыштар тізімі	12
7.	Техникалық сипаттамалары.....	13

1. Кіріспе

Біздің жаттығу құрылғымызды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Заманауи технологиялар қолданылған G-360 сығымдап көтеру мен пресс жасауға арналған әмбебап орындығы ойластырылған дизайнға ие. Бұл жаттығу құрылғысымен жайлы үй жағдайында жаттығу физикалық күйді жақсартуға және жүрек-қантамыр жүйесін күшейтуге көмектеседі.

TORNEO-мен спортпен айналысу сізге ұнайтынына сенімдіміз!

Жаттығу құрылғысының негізгі артықшылықтары:

Пресс орындығы – бұл іш бұлшықетін кешенді жаттықтыруға арналған тамаша нұсқа.

Жиналмалы конструкция және мобилдік

Орындық сақтауға ыңғайлы болуы үшін жинау жүйесімен жабдықталған. Жиналмалы конструкцияның арқасында ол жаттығулар арасындағы үзілістерде пәтерде көп орын алмайды және оны шкафта, қабырғаға, есіктің артында және т.б. сақтауға мүмкіндік береді.

Білікшелер күйінің биіктігін реттеу

Барынша жайлы жаттығу үшін өз бойыңызға сәйкес күйді таңдай аласыз.

Эргономикалық конструкция

Ыңғайлы жастықтар сізге тиімді жаттығу үшін жаттығу құрылғысында жайлы әрі орнықты жайғасуға мүмкіндік береді.

Көп функциялы орындық гантельдермен әртүрлі жаттығуларды орындауға, сондай-ақ жату, отыру және еңкею жаттығуларына мінсіз жарайды.

Дәл теңшеу

Орындықтың 4 еңіс бұрышы және 0°-тан 80°-қа дейінгі арқасы еңісінің 8 деңгейі жаттығу құрылғысын кез келген спортшы үшін реттеуге мүмкіндік береді.

Қаптаманың тайғанауға қарсы жабыны жаттығулар кезінде максималды жайлылықты қамтамасыз етеді.

**Назар аударыңыз:**

Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығып, оны кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығу жаттығу құрылғысын тез теңшеп, оны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

**Назар аударыңыз:**

Жаттығуды бастамас бұрын қатаң түрде толық медициналық тексеруден өтуге кеңес беріледі, әсіресе, егер жасыңыз 35-тен асқан болса, темекі шегетін болсаңыз, сізде холестерин деңгейі жоғары болса, артық салмағыңыз болса немесе көптен бері тұрақты түрде спортпен айналыспаған болсаңыз. Егер сізде төменде сипатталған диагноз немесе симптомдар болса, жаттығу құрылғысын мүлдем пайдаланбаған жөн:

Мерзімді дағдарыстары болатын жоғары қан қысымы; жүрек-қантамыр жеткіліксіздігі; демікпе; мерзімді ісіну; жүректің жиі қағуы және жүрек қыспасы; тромбофлебит; қатерлі ісік; барлық кезеңдегі қант диабеті; жоғары температура; созылмалы аурулардың өршуі; жатыр тонусы, түсік түсіру қаупі бар жүктілік; жұқпалы аурулар кезінде өзін нашар сезіну. Кейбір жағдайларда жаттығу құрылғысын сақтықпен пайдалануға болады. Критикалық емес қарсы көрсетілімдер:

- қалыпты жүктілік барысы мен лактация;
- кесар тілігінен кейінгі қалпына келтіру кезеңі;
- жарақаттар мен сынықтардан кейінгі қалпына келтіру кезеңі;
- тамырлардың түйнеліп кеңеюі;
- жарық, артроз, артрит және остеохондроз.

Бұл аурулар мен жаттығуға қарсы көрсетілімдер тізімі толық емес және тек анықтама үшін берілген. Егер қандай да бір ауруыңыз болса, жаттығу құрылғысын пайдалануға болатыны туралы шешімді тек дәрігер қабылдай алады.

Егер жаттығу барысында әлсіздік, бас айналу, енгіту немесе ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатыңыз.

Кез келген жаттығу бағдарламасын бастамас бұрын дәрігермен кеңесіңіз. Бұл әсіресе 35 жастан асқан немесе денсаулығы нашар адамдар үшін өте маңызды. Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін осы нұсқаулықтағы сақтық шаралары мен барлық нұсқауларды, сондай-ақ, бар болса, жаттығу құрылғысының жапсырмаларындағы ақпаратты мұқият оқыңыз.

**Назар аударыңыз:**

Өндіруші тұтынушыларды алдын ала хабарландырмай, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде техникалық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жаттығу құрылғысының сапасы мен жиынтықтылығы туралы сұрақтар бойынша мамандандырылған сатушыға хабарласыңыз.

2. Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері



Назар аударыңыз:

Сіз сатып алған жаттығу құрылғысы техникалық бұйым болып табылады.

Жаттығуды бастамас бұрын төмендегі нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Осы ережелерді сақтау жаттығу құрылғысын барлық қызмет мерзімі бойы қауіпсіз және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаттығу құрылғысының иесі барлық пайдаланушыларды қажетті қауіпсіздік шаралары туралы хабардар етуі керек.

2.1 Жаттығу құрылғысын тасымалдау

1. Жаттығу құрылғысын тек зауыттық немесе ұқсас сападағы қаптамада тасымалдау керек.
2. Жаттығу құрылғысын болашақта тасымалдау үшін түпнұсқа қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
3. Жаттығу құрылғысын алған кезде, оның зауыттық қаптамасы тасымалдау барысында зақымдалмағанын тексеріңіз.
4. Жаттығу құрылғысын тек бөлшектелген күйде тасымалдауға рұқсат етіледі.
5. Жаттығу құрылғысы тасымалдау кезінде жаңбырдан, ылғалдан және басқа да атмосфералық әсерлерден қорғалуы тиіс.

2.2 Жаттығу құрылғыларын пайдаланудың жалпы ережелері

1. Жаттығу құрылғысын тек осы нұсқаулықтағы мақсатқа сай пайдаланыңыз.
2. Жаттығу құрылғысын тегіс және қатты жерге қойыңыз. Егер жаттығу құрылғысы тегіс емес еденге немесе ұзын түкті кілемге орнатылса, жаттығу құрылғысы жаттығу кезінде орнықтылығы нашарлауы, тіпті аударылып кетуі мүмкін.
3. Әрқашан жаттығу құрылғысының айналасында кемінде 0,5 м бос орын қалдырыңыз.
4. Еден жабынын зақымданудан қорғау үшін жаттығу құрылғысының астына төсеп, арнайы кілемшені пайдалануға болады.
5. Жаттығу құрылғысы тек үй жағдайында (+10°C және +35°C аралығындағы температурада, 75%-ке дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта) пайдалануға арналған және ол коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

6. Жаттығу құрылғысын құрғақ орынжайда сақтаңыз. Оның шаңы мен басқа ластануларын үнемі тазалап жүріңіз. Жаттығу құрылғысының қаңқасын және оның жұмсақ элементтерін (жастықтар, білікшелер және т.б.) тазалау үшін жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісіне малынған мақта сулықты пайдаланыңыз. Жуғыш құралды тікелей жаттығу құрылғысына жақпаңыз. Жасанды былғары жабындарға арналған сіндіргіні үнемі пайдалану беріктікті арттырады және қаптаманың сыртқы түрін жақсартыды.
7. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді немесе абразивті тазартқыштарды, шыныларды, кафельдерді немесе сантехникалық құралдарды пайдаланбаңыз – бұл жаттығу құрылғысы элементтерінің қорғаныш лак-бояу жабындарын зақымдауы мүмкін.
8. Жабдықты әрқашан қауіпсіз ұстаудың жалғыз жолы — зақымдалған және тозған бөлшектердің бар-жоғын уақытылы тексеріп отыру. Жаттығу құрылғысы тораптарының бекітпелерін кемінде айына бір рет тексеріп, қатайтыңыз. Кез келген бұран немесе сомын мезгіл-мезгіл босап кетсе, мүмкіндігінше бекіткіш сомынды орнатыңыз.
9. Жаттығу құрылғысының қозғалатын және үйкелетін бөліктерін литий майлағышпен (бөлек сатылады) майлап отыру ұсынылады. Минералды майларды пайдаланбаңыз, өйткені олар шаң мен кірді тез жинап, қоюланып кетеді, төлкелер мен мойынтіректер бұзылады.
10. Дәнекерленген тігістерде жарықтар немесе басқа зақымдардың жоқтығын жүйелі түрде тексеріңіз
11. Жаттығу құрылғысына үнемі техникалық қызмет көрсетпеу адам жарақатына және/немесе жабдықтың зақымдануына әкелуі мүмкін.
12. Жаттығу құрылғысын шаңды, ылғалды және жазғы орынжайларда, гаражда не су жанында пайдаланбаңыз. Жаттығу құрылғысы орнатылған орынжай жақсы желдетілуі тиіс. Жаттығу құрылғысын аэрозоль не жанғыш газдар шашырайтын жерге жақын пайдалануға бомайды.
13. 12 жасқа дейінгі балаларды, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдарды және үй жануарларын жаттығу құрылғысынан аулақ ұстаңыз. Жаттығуды бастамас бұрын балалар, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдар және үй жануарлары жаттығу кезінде үнемі бақылауда болатынына және жаттығу құрылғысына жақындай алмайтынына көз жеткізіңіз.
14. Техникалық мүмкіндік болса, жаттығу құрылғысын пайдаланбасаңыз, оны әрқашан бүктеп, сақтап қойыңыз.
15. Жаттығу құрылғысында бір уақытта тек бір адам ғана жаттығуы тиіс.

16. Егер салмағыңыз осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген максималды рұқсат етілген салмақтан асатын болса, жаттығу құрылғысын пайдаланбаңыз.
17. Жаттығу кезінде киімнің, сүлгілердің, баулардың және т.б. заттардың ұштарын жаттығу құрылғысының қозғалмалы бөлшектеріне тигізбеңіз.
18. Жаттығу құрылғысын пайдаланған кезде спорттық киім мен аяқ киім киіңіз. Жалаң аяқ жаттықпаңыз. Табаны жаттығу құрылғысына зақым келтіруі мүмкін аяқ киіммен жаттықпаңыз және табаныңызды тіреуіш бетке немесе білікшелердің көмегімен мықтап бекітуге мүмкіндік бермеңіз.
19. Жаттығу құрылғысының астына бөгде заттарды қою арқылы оның еңіс бұрышын өзгертпеңіз.
20. Егер жаттығу құрылғысында ақау пайда болса (қалыпты жұмысқа тән емес дыбыс шығуы, қозғалмалы бөлшектердің бұғатталып қалуы немесе деформациялануы және т.б.), оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өз бетімен жөндеуге тыйым салынады. Сатушының сервистік қызметіне жүгіну арқылы білікті маманға жөндетіңіз.
21. Жаттығу құрылғысына жаттығуға арналмаған заттарды қоймаңыз. Бұл құрылғының зақымдалуына және (немесе) заттың бұзылып қалуына әкелуі мүмкін.
22. Жаттығу құрылғысының ішіне ештеңе тықпаңыз. Егер құрылғы ішіне бөгде зат кіріп кетсе, оны абайлап алып тастауға тырысыңыз. Егер оны өз бетіңізше ала алмасаңыз, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.
23. Жаттығу құрылғысының конструкциясын өзгерту және (немесе) өндіруші не оның уәкілетті өкілі ұсынбаған қосымшаларды пайдалану кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту негізі болуы мүмкін.
24. Қызмет мерзімі аяқталғанда жаттығу құрылғысын кәдеге жарату қажет. Пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі 7 жылды құрайды. Ол ресми түрде белгіленгеннен мерзімнен айтарлықтай ұзақ қызмет етуі мүмкін. Жаттығу құрылғысының конструкция элементтері тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жабдықты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Кәдеге жарату үшін еліңіздегі қоқысты қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Бөлшектелген аспаптарды бөлек-бөлек қабылдау пунктіне тапсыру арқылы қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға жіберу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ жаттығу құрылғысы жасалған материалдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді.
25. Зілтемір тағандарындағы рұқсат етілген жүктемеден асырмаңыз. Кез келген артық жүктеме жаттығу құрылғысы конструкциясының бұзылуына әкелуі мүмкін.

26. Максималды рұқсат етілген турник жүктемесінен аспаңыз. Топо турникті дұрыс емес орнату, құрастыру немесе пайдалану нәтижесінде болған зақымға немесе жарақатқа жауапты емес. Кәдеге жарату үшін еліңіздегі қоқысты қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Бөлшектелген аспаптарды бөлек-бөлек қабылдау пунктіне тапсыру арқылы қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға және экологиялық көметін жерлерге жіберу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ құрылғы жасалған материалдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді.

2.3 Сақтау шарттары


1. Жаттығу құрылғысын жылытылмаған орынжайда (мысалы, гаражда, қоймада, жазғы ғимаратта), сондай-ақ шаңды және ылғалдылығы жоғары орынжайларда сақтауға рұқсат етілмейді.
2. Жаттығу құрылғысын судан қорғаңыз.
3. Сақтау үшін рұқсат етілген температура режимі: 0 °C–50 °C аралығы.
4. Сақтау кезінде рұқсат етілген ылғалдылық: макс. 75%.
5. Жаттығу құрылғысы сақталатын орында аэрозольдер шашпаңыз.

3. Жаттығу құрылғысын құрастыру

3.1 Жиынтықтама

Құрастыру кезінде жаттығу құрылғысының шағын құрастыру бөлшектері көрсетілген сұлбаны қараңыз. Әр сурет астындағы нөмір қосалқы бөлшектер тізіміндегі бөлшек кодының нөміріне сәйкес келеді.


№	Атауы	Саны, д.
1	Негізгі қаңқа	1
10	Сыртқы алдыңғы тірек құбыры	1
8	Ішкі алдыңғы тірек құбыры	1
9	Артқы тірек	1
12	Білікшелердің астыңғы құбыры	1
11	Білікшелердің үстіңгі құбыры	1
13	Білікше	4
29	Қапталдық бітеуіш	4
30	Қолсап (M10x20)	1
31	Қолсап (M8)	1
TOOL	Бекітпелер мен құрал-саймандар жинағы	1




1



10



8




9




12



11



13




29



30



31



TOOL


3.2 Құрастыру реті

1-ҚАДАМ

Жаттығу құрылғысын қаптамадан шығарыңыз.
Қаптаманың целлофан элементтерін алып тастаңыз.


2-ҚАДАМ

Алдыңғы тіректі (10) бұран (22), жалпақ тығырық (21) пен табандатпа сомын (20) арқылы негізгі қаңқаға (1) жалғап, оны қолсаппен (30) және сұққышпен (25) бекітіңіз. Алдыңғы тірек (10) жиналмалы болуы мүмкін. Оны сұққышпен (25) бекітіңіз.





3-ҚАДАМ

1. Алдыңғы тірек құбырын (8) алдыңғы тірек құбырына (10) салыңыз.
2. Білікшелер түтігін (12) қолсаппен (31) бекітіңіз.
3. Білікшелерді құбырға (13) және қапталдық бітеуіштерге (29) орнатыңыз.
4. Білікшелердің үстіңгі құбырын (11) алдыңғы тірек құбырының тесігіне (10) салыңыз, содан кейін білікшелер (13) мен қапталдық бітеуіштерді (29) орнатыңыз.



4-ҚАДАМ

Артқы тіректі (9) бұран (23), жалпақ тығырық (17) пен табандатпа сомын (16) арқылы негізгі қаңқаға (1) бекітіңіз. Сұққышты (25) тиісті тесікке салыңыз. Артқы тіректі (9) жинау үшін сұққышты (25) алыңыз.



Құрастыру аяқталды!

Орындықты пайдаланар алдында оның барлық бекіту қосылымдары қатайтылғанын тексеру және олардың жағдайын уақытылы бақылап жүру ұсынылады.


Жаттығуға кірісіңіз!

4. Жаттығу құрылғысын пайдалану







Назар аударыңыз:

Жаттығу кезінде орындық пен жанды объектілер/интерьер бұйымдары арасында кем дегенде 1 метр арақашықтықты сақтаңыз




Еңіс бұрышын реттеу нұсқаулары





5. Жаттығу құрылғысының егжей-тегжейлі сұлбасы



6. Жиынтықтауыштар тізімі

№	Жалпы сипаттамасы	Саны, д.
1	Негізгі қаңқа	1
2	Арқа жастығының реттелетін тірегі	1
3	Отырғыш жастығының реттелетін тірегі	1
4	Отырғыш жастығының негізі	2
5	Арқа жастығының негізі	2
6	Отырғыш	1
7	Арқасы	1
8	Алдыңғы тірек құбыры	1
9	Артқы тірек	1
10	Алдыңғы тірек құбыры	1
11	Білікшелердің үстіңгі құбыры	1
12	білікшелердің астыңғы құбыры	1
13	Білікше	4
14	Ішкі жағы алтықырлы бұран (М6х40)	8
15	Шаршы бас тірегішті бұран (М8х60)	4
16	Табандатпа сомын (М8)	4
17	Тығырық (М8)	4
18	Тығырық (М6)	8
19	Ішкі жағы алтықырлы бұран (М10х175)	2
20	Табандатпа сомын (М10)	2
21	Тығырық (М10)	4
22	Ішкі жағы алтықырлы бұран (М10х55)	1
23	Ішкі жағы алтықырлы бұран (М8х55)	1

№	Жалпы сипаттамасы	Саны, д.
24	Ұзартылған сұққыш	2
25	Қысқа сұққыш	2
26	Тірек бітеуіші	6
27	Бітеуіш (38х38)	2
28	Бітеуіш (25х25)	16
29	Қапталдық бітеуіш	4
30	Қолсап (М10х20)	1
31	Қолсап (М8)	1
32	Уатқыш	1
33	Бітеуіш (20х40)	4
34	Алтықырлы кілт (6 мм)	1
35	Көп функциялы кілт	1

7. Техникалық сипаттамалары

Өлшемі (ұз.хеніхбиік.)	138х40,6х62 см
Жиналған күйдегі өлшемі (ұз. х ені х биік.)	130х33х25,5 см
Қаптама өлшемі (ұз. х ені х биік.)	33,5х18,5х122,5 см
Негізгі қаңқа профилі	38х38х1,5 мм
Арқасының өлшемі	750х290 мм
Отырғыштың өлшемі	310х300 мм
Брутто салмағы	15,2 кг
Нетто салмағы	13,8 кг
Максималды жүктемесі	220 кг
Реттеме	Отырғыштың 4 еңістік деңгейі, арқасының 8 еңістік деңгейі, артқы тіректің 2 еңістік деңгейі, төменгі білікшелердің биіктік бойынша 3 күйі, орындықтың престі жаттықтыруға арналған 5 еңістік деңгейі (алдыңғы тіректегі еңіс бұрышын реттеу)

Кепілдік мерзімі	Термопластикалық ұнтақ бояумен боялған бөлшектердің өтпе коррозиясына және бөлшектердің тұтастығына — 20 жыл металл қаңқасына — 7 жыл пластик бөлшектеріне — 2 жыл
-------------------------	--



ТИІМДІЛІК ПЕН ЖАЙЛЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ERGO PAD

Жаттығу құрылғысы отырғышы/арқасының барынша жайлы жаттығуға арналған конструкциясы мен материалдары

Тамаша эргономділікті қамтамасыз ететін отырғыштар мен жастықтардың қалыңдығы және серпімділігі технологиясы.

INSTA FOLD

Супер шағын жинау

Пәтерде орынды үнемдеуге арналған технология.

EVER PROOF

Күшейтілген берік конструкция

Тозуға төзімді және күшейтілген материалдар жаттығу құрылғысының ұзақ қызмет мерзіміне кепілдік береді.

ERGO MOVE

Жаттығу құрылғылары мен күш жабдығын пайдаланушының бойы мен денебітіміне қарай реттеуге мүмкіндік беретін технология.

Қосымша ақпарат

Сауда белгісі: TORNEO.

Модель: G-360.

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда және (немесе) қаптамада көрсетілген.

Дайындаушы уәкілеттік берген ұйым — «Спортмастер Казахстан» ЖШС

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корпус, 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Қытайда жасалған.

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар) сақтауыңызды сұраймыз.

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады



Өндіруші тұтынушыларды алдын ала хабарландырмай, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде техникалық және бағдарламалық жасақтамасына, өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.